

**P.E. Несипбаев\***, докторант *PhD*

**A.A. Мусатаева**, *PhD.*, доцент

**Е.И. Борисова**, *э.э.к.*, доцент

*Казмұтынудағы Қарағанды экономикалық университеті*

*Қарағанды қ., Қазақстан*

\* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: nessipbayev\_r@mail.ru

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Мақалада аумақты дамыту бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі анықталып, «Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын» әзірлеу мен іске асуру барысындағы артықшылықтар, кемшіліктер мен сәйкесіздіктер көрсетілген. Бұл мақалада стратегиялық басқару үгымдары қарастырылады, әлеуметтік блок салаларын басқару мысалында стратегиялық және ағымдағы басқарудың айырмашылықтары сипатталған. Сондай-ақ өнірдің аумақтық шаруашылығын басқарудың мәні, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мен әлеуметтік қызмет көрсетуді іске асуру, тұмстай алғанда аумақтық шаруашылықты жетілдіру, олардың негұрлым жосгары деңгейдегі жаңа сапалық сипаттамаларын алу мәселелері зерттелді. Мақала авторларының пікірінше, аумақтық экономиканы басқарудың негізгі нысаны басқару органы шеңберіндегі ағымдағы және стратегиялық басқарудың үйлесімі болып табылады. Ағымдағы және стратегиялық басқаруды біріктіруге бағытталған басқару құрылымдарын құрудың негізгі тәсілдерінің ежесей-тегжейлі сипаттамасы ұсынылған. Басқару органының ішкі құрылымын құруга, басқарудың әр түрлі түрлерін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескеруге өте мүжият қарауды қажет ететін осы тәсілді жүзеге асыруға ерекше назар аударылады. Авторлар стратегиялық жоспарларды іске асурудың негізгі нәтижелерін анықтады, сонымен қатар аумақтың стратегиялық дамуының түпкі нәтижесі орындалған іс-шаралардың әлеуметтік әсеріне қол жеткізу болып табылады, бұл аймақтың осы аумағында тұратын халықтың әл-ауқатын арттырудан тұрады. Мақала қазіргі экономика мәселелеріне қызығушылық танытатын көпшілік оқырмандарға арналған.

**Кілт сөздер:** өнір, аумақтық даму бағдарламасы, мемлекеттік бағдарлама, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, нысаналы индикаторлар, талдау, жоспарлау, стратегия, экономика, мақсат.

**Ключевые слова:** регион, программа территориального развития, государственная программа, система государственного планирования, целевые индикаторы, анализ, планирование, стратегия, экономика, цель.

**Keywords:** region, territorial development program, state program, state planning system, target indicators, analysis, planning, strategy, economy, celle.

**JEL classification:** R19, R22

**Кіріспе.** Қазіргі кезде қарқын алған, уақыт сынынан өткен бағдарламалық-мақсатты әдістің кең таралуы осы әдісті Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылда-

рынан кейін ғана қолдана бастағандығында. Яғни осы әдісті теренірек зерттей келе, оның қазақстандық моделінің кемшіліктерін анықтай келе, еліміздің әлеуметтік-экономикалық

## **Экономика**

дамуын үдете алу мүмкіндігінде.

«Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 дейінгі бағдарламасы» [1] Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Мемлекет басшысының 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: есім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шенберінде әзірленді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістіктеге дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру төткөрінің бірі болып табылады. Болжамды схема – өнірлік саясатты іске асырудың құралы, оның мақсаты өнірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде олардың орнықты дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Бағдарламаның 2020 жылға дейінгі алдағы кезеңге арналған мақсаттарына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылатын болады:

- елдін аумақтық дамуын жетілдіру;
- мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар өндірістің жаңа капитал сыйымды салаларын құру;
- аймақтың экономикалық дамуы мен әлеуметтік саласының күрделі мәселелерін шешудің негізгі мақсаттары мен міндеттерінің жүйелік сипаты;
- бюджеттен тыс қорларды, коммерциялық және мемлекеттік кәсіпорындардың меншікті қаражатын, шетел инвесторларының қорларын қосымша тартатын бюджеттік ресурстарды мақсатты пайдалануда мультиплікативтік әсерді пайдалану мүмкіндігі.

Зерттеудің ақпараттық негізі – нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы мен әлемдік реєсми статистикалары, мемлекеттің ақпараттық сайттары, ғылыми конференциялар материалдары, мерзімді басылымдар, ғаламдық ақпараттық желі «Интернет».

*Зерттеудің әдісі мен міндеттері.*

Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер алға қойылып, шешілді:

- 1) өнірлік бағдарламалардың мәнін ашып, түрлері мен функцияларын қарастыру;
- 2) өнірлік бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыру механизмін зерттеу;
- 3) өнірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асырудың шетелдік тәжірибесін талдау;
- 4) Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу және жетілдіруге қатысты ұсыныстар енгізу;
- 5) өнірлік даму бағдарламаларын әзірлеу тетігін жетілдіру жолдарын анықтау.

**Әдебиеттік шолу.** Бағдарламаларды Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдар стратегиялық және индикативтік жоспарларға сәйкес өмірдің экономикалық, әлеуметтік және басқа да салаларының маңызды проблемаларын шешу үшін әзірлейді.

«Қазақстан Республикасында салалық (секторлық) және өнірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесін туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 акпаңдағы № 231 қаулысы [1].

«Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысы [2].

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы [3]. Қарағанды облысы мәслихаттың 2017 жылды 12 желтоқсандағы XIII сессиясының № 263 шешімімен бекітілген «Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» [4].

«Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кейбір мәсе-

лелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 64 бұйрығы [5].

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 634 қаулысы [6].

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын өзірлеу жөніндегі әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпанды № 64 бұйрығына 1-қосымша [7].

Өнірлердің стратегиялық дамуын нормативті-құқықтық дамыту мәселелері отандық және жақын шетелдік мемлекеттік басқару саласының зерттеушілерінің сәйкес ғылыми еңбектерінде [8-11] қарастырылып, жүйелі түрде негіздеу мен жетілдіру жолдары ұсынылған. Бұл зерттеулердің басты тұжырымдары мақаланың негізгі бөліміне арқау болды.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына [3] сәйкес аумақты дамыту бағдарламалары мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының қатарына енеді. Құжатқа сәйкес стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, өнірлерді дамыту бағдарламаларын талдау, үлгілеу, басымдықтарын, нысаналы көрсеткіштерін, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындау, оларға қол жеткізу, ресурстық қамтамасыз ету жолдарын айқындау үдерісін өзірлеу болып табылады.

Яғни, аумақтық бағдарламалар «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Қазақстан Рес-

публикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары», «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасы», мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын іске асыру мақсатында әзірленуде.

Аумақты дамыту бағдарламасының күрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) паспорт (негізгі сипаттамалары);
- 2) ағымдағы жағдайды талдау;
- 3) негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар (көрсеткіштер) және оларға қол жеткізу жолдары;
- 4) қажетті ресурстар.

Бізben талдауға алынған «Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» [4] келесі бөлімдерден тұрады:

*Бөлім 1. Бағдарлама паспорты.*

*Бөлім 2. «Ағымдық жағдайды талдау».*

Бұл бөлім «Аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау», «Аумақтың орташа шұғыл басымдылықта тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының және бәсеке артықшылықтарын, негізгі мәселелерінің, тәуекелдерінің, ұстап тұру факторларының кешенді сипаттамасы» деген еki бөлімшелерден тұрады. Эр бөлімшеде салалар бойынша талдаулар жүгізілген.

*Бөлім 3. «Негізгі бағыт, мақсаттар, нысаналы көрсеткіштер мен оларға қол жеткізу жолдары».* Аталмыш бөлім Қарағанды облысын дамытудың негізгі 6 бағытын қамтиды. Олар:

Бағыт 1. Экономика.

Бағыт 2. Әлеуметтік сала.

Бағыт 3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.

Бағыт 4. Инфракұрылым.

Бағыт 5. Экология және жер ресурстары.

Бағыт 6. Мемлекеттік қызметтер.

*Бөлім 4. Қажетті ресурстар.*

Енді осы бағдарламаны ҚР Ұлттық экономика Министрінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйе-

## **Экономика**

сінің кейбір мәселелері туралы» бүйрығына [5] сәйкестігіне талдауға көшешік.

Мазмұны жағынан бағдарламада жалпы

105 индикатор бар. 1-кестеде әр бағыт бойынша индикаторлар саны көрсетілген.

1-кесте

### **Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілген индикаторлар саны\***

№	Бағыт	Индикаторлар саны
1.	Экономика	27
2.	Әлеуметтік сала	39
3.	Қоғамдық қауіпсіздік және тәртіп	12
4.	Инфрақұрылым	13
5.	Экологиялық және жер ресурстары	13
6.	Мемлекеттік қызметтер	1

\*Авторлармен құрылды

Жоғарыдағы кестеден әр салада индикаторлар санының едәуір айрықшаланатынын байқауға болады.

Бағдарламаның паспортына тоқтала кетсек. «Атауы», «Әзірлеуге арналған негізденме», «Облыстың негізгі сипаттамалары», «Негізгі бағыттары», «Мақсаттары» деген бағандардағы акпараттар дұрыс келтірілген. Бірақ нысаналы көрсеткіштер бағанындағы бірнеше сәйкесіздікті атап өту керек.

1. «Экономика» бағыты бойынша «Алдыңғы жылға қатысты %-бен өндеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің таза өсімі» [4] индикаторы артық деп есептейміз. Біздің ойымызша, «2015 жылға қатысты %-бен өндеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің таза өсімі» индикаторы да жеткілікті.

2. «Экономика» бағыты бойынша «2012 жылғы деңгеймен салыстырғанда машина жасаудағы еңбек өнімділігінің үлестік артуы» [4] индикаторындағы 2012 жылғы көрсеткішпен салыстыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейді. Себебі ҚР Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кейбір мәселелері туралы» бүйрығының 7-ші тарауының 140-шы пунктінде [5] жазылғандай «нысаналы көрсет-

кіштер бағдарлама әзірленетін жоспарлы қезеңнің алдындағы соңғы 2 жылда нақты қол жеткізілген мәндерді көрсетумен келтіріледі» делінген.

3. «Экономика» бағыты бойынша «Үйымдастырылған шаруашылықтардағы ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал басының үлесі» көрсеткішінде [4] «ірі қара мал», «кішкентай мал», «тұқымды өзгерістерге қатысатын ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал үлесі», «ірі қара мал», «кіші мал» терминдерінде «кішкентай мал» және «кіші мал» сөздерінің дұрыс қолданбауында.

4. Әлеуметтік бағыт бойынша «Жаратылыстану-математика пәндері бойынша мектеп тамамдаушылардың арасында білім беру бағдарламаларын өте жақсы мен-герген окушылардың үлесі, %-бен» көрсеткіші біздің ойымызша білім беру қызметтерінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатына сәйкес келмейді. Мектеп окушыларын белгілі бір пән бағыттары бойынша бөліп-жарып қарастыруға болмайды деп ойлаймыз. Себебі Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламаларда жастар білім деңгейін тек бір бағыт бойынша емес, жалпы көтеру көзделген.

5. Элеуметтік бағыт бойынша «10 мың адамға шаққандағы дәрігерлер саны», «10 мың адамға шаққандағы орта медициналық қызметкердің саны» көрсеткіштері медициналық қызметті дамытудың заманауи үлгісіне жатпайды және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында [6] аталмыш индикаторлар белгіленбegen.

6. Элеуметтік бағыттағы тағы бір «Денешынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту» индикаторы бойынша ақпарат жинау мүмкін болып табылмайды. Азаматтардың спортпен айналысуы немесе айналыспауы абстрактілі ұғым болып табылады.

7. Бағдарлама паспортындаға маңызды сәйкесіздіктің бірі – «Қажетті ресурстар» бағанының жоқтығы. «Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеде» [7] осындай бағананың болу керектігі туралы талап қойылған.

Келесі «Негізгі бағыт, мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен оларға жету жолдары» бөліміне талдау жасайық:

1. Бағдарламада «2015 жылға Қарағандағы өндіреу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің таза өсімі, %-бен» [4] көрсеткішіндегі мәліметтерді қарайтын болсақ, таза өсім 2015 жылы 100%, 2016 жылы 129,4%, 2017 жылы 100,1%, 2018, 2019, 2020 жылдары 100,2% деп көрсетілген. «Ағымдық жағдайды талдау» бөлімінде бұндай көрсеткіш бойынша мәлімет келтірілмеген.

2. «1.5 мақсатындағы «Аумақта шағын және орта бизнесті дамыту үшін ыңғайлыш бизнес-орта» кестесінде берілген «Жалпы өнірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі, %» көрсеткішінің 2020 жылғы өсу болжамы 12,9% деп бекітілген. 2015 жылы

12,7% болғанын ескерсек, 5 жылдың ішінде тек 0,2%-ға өсу «Қазақстан-2050» Стратегиясында қойылған 2030 жылы ЖІӨ-дегі шағын, орта бизнес үлесі 2 есеге артуы керек деген мақсатын қанағаттандырмайды.

3. «1.7 мақсатындағы «Инвесторлар үшін тартымды жағдай жасау және инновацияны дамыту» кестесіндегі «Халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға моно және шағын қалаларда инвестициялардың өсу қарқыны, %-бен» көрсеткіші үлесінде орнына ақша сомасында ұсынылған.

4. Элеуметтік сала бағытындағы келесі жайттарды топтастырып қарағанымыз жөн. Себебі бұл көрсеткіштер бойынша қойылған мақсат ағымдағы жағдайдан керісінше нашарлау сипатында. Мәселен, «2.3 мақсатындағы «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту және азаматтардың денсаулығын арттыру» кестесінде ең негізгі «Жаспен есептелетін туылғанда болжанатын өмір сүру ұзақтығы» көрсеткішінің 2020-шы жылы қойылған мақсаты 70,46 жас, ал 2015 жылы 70,77 жас еken. «2.5 мақсатының «Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесі» кестесіндегі екі индикатор: «1000 адамға шаққандағы жазатайым жағдайлардың жилілігіне қатысты өндірістегі жаракат» 2015 жылы 0,54 болса, 2020 жылы 0,70-ті құрауы тиіс; «Еңбек заңнамасын бұзушылықтардың үлесі және оның құқық бұзушылықтардың жалпы санындағы %-ы» 2015 жылы 98,8, 2020 жылы 99,2 көрсеткішін құрауы тиіс. Яғни көрсеткіш азаюдың орнына көбеюі тиіс еken.

5. «Атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішіндегі еңбекке жарамды адамдардың үлесі, %-бен» және «Атаулы көмек алатын жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілердің жалпы санынан жұмыспен қамтуға көмектесудің белсенді түрлеріне тартылған атаулы көмек алушылар үлесі, %» көрсеткіштеріндегі кейбір жылғы мәліметтер мулдем жоқ.

6. «4.4 мақсатындағы «Қоғамдық жолаушылар көлігіне қол жетімділік» кестесіндегі жалғыз «Жолаушылар автокөлігі қа-

## **Экономика**

тынасымен қамтылған елді мекендер үлесі, %» көрсеткіші 2015 жылы 45 пайыз болса, 2020 жылы 0 пайыз деген мақсат қойылыпты. Біздің ойымызша, облыстағы әрбір елді-мекен, оның ішінде кішігірім ауылдарға жолаушы автокөлігін жүргізу біріншіден қомақты қаражатты талап етеді, екіншіден кейбір ауылдар үшін тиімсіз.

7. 5-ші бағыттағы «5.2 мақсаттың «Жерді, суды, орманды және жануарлар әлемін оңтайлы пайдалану» кестесінде келтірілген 9 көрсеткіштің төртеуінде ешқандай деректер келтірілмеген. Бұл да «Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістіктек дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеге» [7] сәйкес келмейді.

Жоғарыда жасалған талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

- бағдарламаны әзірлеуде заманауи талаптарға сәйкес келетін жүйелі тәсілдердің болмауы және стратегиялық даму жоспарының кемшілігі;
- теориялық және әдіснамалық зерттеу жеткіліксіз, яғни ғылыми-зерттеу орталықтарының қатысуымен;
- мақсатты бағдарламалардың елеулі бөлігін табысты іске асырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің (МЖӘ) тиімді үйымдастыруышылық, құқықтық және қаржылық механизмдерінің жоқтығы;
- бағдарламаның әзірленуі мен орындалуына мониторинг жүргізудің нақты механизмінің жоқтығы [8];
- бағдарламаның түпкілікті нәтижелерін бағалауға арналған көрсеткіштердің болмауы;
- бағдарламаның қанағаттанарлық-сыз орындалуы үшін жауапкершілік механизмдерінің болмауы.

Осы күрделі мәселелерді шешу үшін қажет болған жағдайда түзетулерді енгізе

отырып, қалыптасқан өңірлік дамуды басқару жүйесін кешенді және дәйекті жаңырту қажет.

Жалпы, біздің ойымызша мұндай кемшіліктер орын алmas үшін, кез келген бағдарламаға жобалау және әзірлеу кезеңінде айрықша назар аударып, сараптамадан өткізу керек.

**Корытынды.** Қарағанды облысының 2011-2015 және 2016-2020 жылдарға арналған екі бағдарламасын талдай келе келесідей қорытынды шығардық. Экономиканы және әлеуметтік саланы дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеуді, қаржыландаруды және іске асыруды талдау нәтижесі өңірлік бағдарламаларды үйымдастырушылық және қаржылық мәселелерді шешуде елеулі қындықтар әлі күнге дейін сакталуын көрсетті. Атап айтқанда, бұл бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен іс жүзінде қаражат болу туралы. Өкінішке орай, соңғы жылдары аймақтық бағдарламаларды қаржыландарудың жеткіліксіздігі байқалады.

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде келесідей ұсыныс жасай аламыз. Өңірлік бағдарламалардың дұрыс әзірленіп, тиімді іске асыруды қадағалайтын аймақтық деңгейде келесі органдар құру керек:

- бағдарлама дирекциясы;
- бағдарламаның техникалық-экономикалық кеңесі.

Бағдарлама дирекциясы – бұл бағдарламаны іске асыру үдерісін жедел басқару үшін жауапты атқарушы орган. Бағдарламаның техникалық-экономикалық кеңесі бағдарлама іс-шараларын іске асыруға байланысты негізгі құқықтық, техникалық, экономикалық, үйымдастыруышылық және басқа да мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламаны іске асырудың жалпы стратегиясын айқындау үшін өкілетті орган болып табылады. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының тұжырымдамасына сүйене отырып, біз әлеуметтік-экономикалық дамудың өңірлік жоспарын

жетілдірудің келесі әдістерін ұсына аламыз:

1. Облыстық, республикалық және қалалық билік органдарының өкілеттіктер жүйесін сарапау және заңнамалық актілердің келісілген жүйесін құру:

– өз өкілеттіктерінің әрбір деңгейін түпкілікті қамтамасыз ету мақсатында «Өнірлік дамуды мемлекеттік реттеу туралы» заңының қабылдануы;

– өнірлік саясатты жүзеге асыру бойынша биліктің жұмыс істеуінің айқын схемасын және рәсімдерін әзірлеу;

– заңнамалық актілер жүйесі республикалық заңнамамен (тік) өзара үйлесімді болуы керек, оны нақты аймақтардың шарттарында көрсетілуге тиіс;

– аймақтық заннама жүйесі халықаралық инвестициялық және қаржылық институттардың өздерімен бірге аймақтарды аккредиттеу және халықаралық жобалар мен бағдарламаларға қатысу қажеттілігін ескеруі тиіс;

– негізгі зандар негізінде және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аймақтық нормативтік-құқықтық базаны құру қажет.

2. Аймақтың жағдайын бағалаудың те-

тіктерін терендептіп және егжей-тегжейлі әзірлеу (өндірістің перспективалы бағыттары, өндірістің көңіл-көңіл жаңаларын жасау үшін қазіргі мүмкіндіктер, аймақтың экспорттық әлеуетін бағалау):

– өнірлік әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің федералдық мониторингі жүйесін құру (КР Үкіметі Аппаратының, КР Ұлттық экономика министрлігінің, КР Қаржы министрлігінің және т.б.) мониторингін және болжау жүйесін синхрондау;

– өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған аймақтық, жергілікті стратегиялық бастамаларды іске асыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жобаларын іске асыруға ынталандыру және осындай жобаларды іске асыруда аймақтық, жергілікті билік органдарына көмек көрсету.

Бұдан басқа жүргізлген талдаудың қорытындысы елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық көністіктіктің дамуының болжамды даму бағдарламасы мен Өнірді дамытудың 2025 бағдарламасымен сәйкестендіріледі.

Осылайша, бағдарламаны көп мақсатты жоспарлау мәселелерін шешудің кешенді әдісін пайдалану тек өнірдің дамуының жогары деңгейіне жетуі мүмкін.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өнірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы № 231 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P040000231>

2. «Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000218>

3. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>

4. Қарағанды облысы мәслихаттың 2017 жылды 12 желтоқсандағы XIII сессиясының № 263 шешімімен бекітілген «Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы». <https://g.engine.org/arafandi-oblisi-meslihatti-2017-jili-12-jeltosandafi-xiii-sess.html>

5. «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 64 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016493>

## **Экономика**

---

6. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 634 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009872>
7. «Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 64 бұйрығына 1-қосымша. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009872>
8. Mussatayeva, A. The Effectiveness of State Administration: Problems and Solution Approaches// Middle-East Journal of Scientific Research 14 (10). – 2013. – P. 1331-1336.
9. Мирошников С.Н. Проблемы и направления стратегического планирования в региональном развитии //Актуальные вопросы экономики. – 2019. – С. 61-77. DOI: 10.24411/2071-6435-2019-10102
10. Zhikharevich, B., Pribyshin, T. Urban Development Strategies: Russian Practice 2014-2019. Prostranstvennaya Ekonomika = Spatial Economics. – 2019. – Vol. 15. – No. 4. – P. 184-204. <https://dx.doi.org/10.14530/se.2019.4.184-204>
11. Ловягин В.Ф., Мущич Ю.А. Управление городскими территориями: планирование управлеченческих решений: Монография. – Новосибирск: СГТА, 2011. – С. 144.

## **REFERENCES**

1. «Қазақстан Республикасында салалық (sektoraldық) zhəne өңірлік бағдарламаларды әзірлеу мен iske asyru erezhesi turaly» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 zhylfy 26 ақпандары № 231 қаулысы [ Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated February 26, 2004 N 231 «on the rules for the development and implementation of industry (sector) and regional programs in the Republic of Kazakhstan»] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P040000231> [in Kazakh].
2. «Salalyқ бағдарламаларды әзірлеу, iske asyru, monitoringileu, бағалau zhəne бақылау erezhesin bekitu turaly» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 zhylfy 18 nauryzdaғы № 218 Қаулысы [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 18, 2010 No. 218 «on approval of the Rules for development, implementation, monitoring, evaluation and control of industry programs»] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000218> [in Kazakh].
3. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік zhosparlau zhyjesin bekitu turaly» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 zhylfy 29 қарашадағы № 790 қаулысы [ Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 29, 2017 No. 790 «on approval of the state planning system in the Republic of Kazakhstan»] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790> [in Kazakh].
4. Қарғанды облысы мәslihattyн 2017 zhly 12 zheltoқsandaғы XIII sessijasynyн № 263 sheshimimen bekitilgen «Қарғанды облыстың дамытудың 2016-2020 zhyldarғa arnalған бағдарламасы» [ Approved by the decision of the XIII session of the Karaganda regional maslikhat dated December 12, 2017 No. 263 «Development program of the Karaganda region for 2016-2020»]. <https://g.engine.org/arafandi-oblisi-meslihatti-2017-jili-12-jeltosandafi-xiii-sess.html>
5. «Қазақстан Республикасындағы Memlekettik zhosparlau zhyjesiniң kejbir мәселелері turaly» Қазақстан Республикасы Ұлттық jekonomika ministriňiң 2018 zhylfy 19 ақпандары № 64 byjryғы [Order of the minister of national economy of the Republic of Kazakhstan from February 19, 2018 No. 64 «on some issues of the state planning system in the Republic of Kazakhstan»] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016493> [in Kazakh].

6. «Қазақстан Республикасының дәнсаулық сақтау саласын дамыту үшін 2016-2019 жылдарға арналған «Densaulyk» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандары № 634 қауысы [ Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 15, 2018 No. 634 «on approval of the state program for health development of the Republic of Kazakhstan «Densaulyk» for 2016-2019»] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009872> [in Kazakh].

7. «Қазақстан Республикасының Strategijalyқ damu zhosparyn, Eldi aumaқтық-кеңістікте дамыту үшін болшамды shemasyn, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың strategijalyқ zhosparlaryn zhәне aumaқtardы damytu бағдарламаларын əzirleu zhөnindegi ədisteme» Қазақстан Республикасы Үlttyқ jekonomika ministrinің 2018 жылғы 19 ақпандары № 64 byjryfyna 1-қосымша [Appendix 1 to the order of the Minister of national economy of the Republic of Kazakhstan dated February 19, 2018 No. 64 «methodology for developing the Strategic development plan of the Republic of Kazakhstan, the Forecast scheme of territorial and spatial development of the country, state programs, strategic plans of state bodies and territorial development programs»]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009872> [in Kazakh].

8. Mussatayeva, A. The Effectiveness of State Administration: Problems and Solution Approaches // Middle-East Journal of Scientific Research 14 (10). – 2013. – P. 1331-1336.

9. Miroshnikov S.N. Problemy i napravlenija strategicheskogo planirovaniya v regional'nom razvitiy //Aktual'nye voprosy jekonomiki. – 2019. – S. 61-77. DOI: 10.24411/2071-6435-2019-10102 [in Russian].

10. Zhikharevich, B., Pribyshin, T. Urban Development Strategies: Russian Practice 2014-2019 // Prostranstvennaya Ekonomika [Spatial Economics]. – 2019. – Vol. 15. – № 4. – P. 184-204. <https://dx.doi.org/10.14530/se.2019.4.184-204>.

11. Lovyagin V.F., Music J.A. Management of urban areas: planning management decisions: Monogr. – Novosibirsk: SGGA, 2011. – P. 144 [in Russian].

**P.E. Несипбаев, А.А. Мусатаева, Е.И. Борисова**

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЗРАБОТКИ И РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2016-2020 ГОДЫ**

### **Аннотация**

В статье выявлена необходимость разработки программ развития территории, отражены преимущества, недостатки и несоответствия при разработке и реализации «Программы развития Карагандинской области на 2016-2020 годы». В данной статье рассматриваются понятия стратегического управления, описаны различия стратегического и текущего управления на примере управления отраслями социального блока. Также изучена сущность управления территориальным хозяйством региона, а также вопросы реализации жизнеобеспечения и социального обслуживания населения, совершенствования территориального хозяйства в целом, получения ими новых качественных характеристик более высокого уровня. По мнению авторов статьи, основной формой управления территориальной экономикой является сочетание текущего и стратегического управления в рамках органа управления. Представлено подробное описание основных подходов к созданию управлеченческих структур, направленных на интеграцию текущего и стратегического управления. Особое внимание уделяется реализации данного подхода, который требует очень тщательного подхода к построению внутренней структуры органа управления, учета особенностей организации различных видов управления. Авторами определены основные результаты реализации стратегических планов, а также конечным результатом стратегического развития территории является

## **Экономика**

---

достижение социального эффекта выполненных мероприятий, заключающегося в повышении благосостояния населения, проживающего на данной территории региона. Статьи для широкого круга читателей, интересующихся вопросами современной экономики.

**R. Nessipbayev, A. Mussatayeva, Ye. Borisova**

### **EFFICIENCY OF DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION OF THE DEVELOPMENT PROGRAM OF THE KARAGANDA REGION FOR 2016-2020**

#### **Annotation**

The article identifies the need to develop programs for the development of the territory, identifies advantages, shortcomings and inconsistencies in the development and implementation of the “Program for the development of Karaganda region for 2016-2020”. This article discusses the concepts of Strategic Management, describes the differences between Strategic and current management on the example of managing areas of the social bloc. The essence of the management of the territorial economy of the region, as well as the implementation of life support and social services of the population, improvement of the territorial economy as a whole, their acquisition of new qualitative characteristics at a higher level were also studied. According to the authors of the article, the main form of management of the territorial economy is a combination of current and strategic management within the framework of the governing body. A detailed description of the main approaches to building management structures aimed at combining current and strategic management is presented. Special attention is paid to the implementation of this approach, which requires a very careful approach to building the internal structure of the management body, taking into account the specifics of the organization of various types of management. The authors identified the main results of the implementation of strategic plans, in addition, the final result of the strategic development of the territory is to achieve the social impact of the implemented measures, which consists in increasing the well-being of the population living in this territory of the region. The article is intended for a wide range of readers interested in the problems of the modern economy.

